

БӨЛІМ: МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП

«Үлкен, кіші» , Биік-аласа, «Ұзын-қысқа»

ЖАРИЯЛАНДЫ
21.10.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/83476/>

Насаналиева Нұрлы Аронқызы

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімі: Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру

Тақырыбы: «Үлкен, кіші» , Биік-аласа, «Ұзын-қысқа»

Мақсаты: Таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші, биік-аласа) салыстыруды үйрету. Қоршаған ортадан биік және аласа, ұзын-қысқа, үлкен-кіші затты таба білуді дамыту.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ- жауап, ойын

Қажетті құрал-жабдықтар: әр балаға шеңбер, төртбұрыш, үшбұрыш бейнеленген суреттер бір-бірден қарындаш, тәрелкеге әр балаға картоннан қиылған төртбұрыш, үшбұрыш және шеңбер

Оқу қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	<p>Шаттық шеңбері.</p> <p>— Балалар, бүгін біз сендермен «Пойызға» мініп математика еліне саяхатқа барамыз.</p> <p>— Ендеше пойызға жайғасып отырайық.</p> <p>-Балалар, біз самал желдің ескенін сезіп тұрмыз ба?</p> <p>-Олай болса жерге де жақындап қалған сияқтымыз.</p> <p>-Иә, Жер-жер (балалар бірге айтып қуанады).</p> <p>-Балалар, айналадан нелерді байқап тұрсыңдар?</p>	<p><u>Шаттық шеңберіне тұрады.</u></p> <p>-</p> <p>-иә самал жел есіп тұр</p> <p>-иә, жер, жер</p> <p>-гүлдерді</p>

<p>Ұйымдастырушылық ізденіс кезеңі</p>	<p>-Гүлдер қандай? — Гүлдердің түсі қандай? -Гүлдер сендерге ұнай ма ? -Ой балалар қарандаршы аңдар ?- Қоян мен зебра. -Олар қандай жануарлар? — Зебраның түсі қандай? -Ал, қоянның түсі қандай ? -Зебра үлкен бе, қоян үлкен бе? Дұрыс айтасыңдар балалар! Дидактикалық ойын: «Ең үлкен және кіші ағаштар» Мақсаты: Балаларға үлкен және кішіні ажырата білуге үйрету. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз Мойнымызды бұрамыз Оңға қарай иіліп Солға қарай иіліп Бір отырып,бір тұрып Орнымызды табамыз Балалар сендерге саяхат ұнады ма? Ендеше «Пойызға» мініп үйімізге қайтайық.</p>	<p>— үлкен, кіші -жасыл -иә ұнайды -Қоян мен зебра -дала жануарлары -қара, ақ -ақ түсі -Зебра үлкен, ал қоян кіші</p> <p>-балалар ойынды қызыға ойнайды.</p> <p>Балалар сергіту сәтін қимылымен орындайды.</p> <p>-Ия</p> <p>Балалар бір-бірінен ұстап жүреді.</p>
<p>Іс-әрекеттің бағалау кезеңі</p>	<p>-Балалар бүгінгі оқу қызметінде не туралы айттық.-Балалар не үлкен. -Не кіші? Жарайсыңдар балалар.</p> <p>-Сендерге бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? Балаларды мадақтау.</p>	<p>-үлкен, кіші ұғымдары туралы -Зебра</p> <p>-қоян</p> <p>-Ия ұнады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Нені білді: Балалар үлкен, кіші ұғымдары туралы толық мағұлмат алды

Игереді: Үлкен, кіші ұғымдарын жақсы айыра білді.

Жасай алады: Көрген – білгендерін толық айта білді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.